

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ ШАРШАУ, ГИПОДИНАМИЯ,
ДИСТРЕСС СИЯҚТЫ ДЕЗАДАПТАЦИЯЛЫҚ КҮЙЛЕРДІҢ
ҚАЛЫПТАСУЫН БОЛДЫРМАУ**

Әдістемелік ұсыныстар

**ПРЕДОТВРАЩЕНИЕ ФОРМИРОВАНИЯ У ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ
ДЕЗАДАПТАЦИОННЫХ СОСТОЯНИЙ: ПЕРЕУТОМЛЕНИЯ,
ГИПОДИНАМИИ, ДИСТРЕССА**

Методические рекомендации

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 17 сәуірдегі № 3 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 17 апреля 2015 года)

«Балалар мен жасөспірімдерде шаршау, гиподинамия, дистресс сияқты дезадаптациялық күйлердің қалыптасуын болдырмау». Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 17 б.

«Предотвращение формирования у детей и подростков дезадаптационных состояний: переутомления, гиподинамии, дистресса». Методические рекомендации. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 16 с.

Әдістемелік ұсыныстарда қазіргі заманғы балалар мен жасөспірімдерде әртүрлі дезадаптациялық жағдайлардың алдын алу бойынша психологиялық-педагогикалық жұмыстардың тұжырымдамалық негіздері анықталған. Мектеп оқушыларында дезадаптацияның пайда болу себептері мен дезадаптациялық жағдайдағы балаларды тәрбиелеу жұмыстарының ерекшеліктері қарастырылған.

Білім беру мекемесінде балалар мен жасөспірімдерде дезадаптациялық жағдайдың алдын алу бойынша диагностикалық және профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу бойынша кеңестер әдістемелік құралда ұсынылған.

Әдістемелік ұсыныстар мұғалімдер, тәрбиешілер, мектеп психологтары, әлеуметтік қызметкерлерге және мектеп дезадаптациясын алдын алу проблемасына қызығушылығы бар барлық адамдарға арналған.

В методических рекомендациях определены концептуальные основы психолого-педагогической работы по предотвращению у современных детей и подростков различных дезадаптационных состояний. Рассмотрены основные причины возникновения дезадаптации у школьников и выделены особенности воспитательной работы с детьми, находящимися в дезадаптационном состоянии.

Представлены практические рекомендации для организации и осуществления профилактической и диагностической деятельности в образовательном учреждении по предотвращению формирования у детей и подростков дезадаптационных состояний.

Методические рекомендации предназначены для учителей, воспитателей, школьных психологов, социальных работников и всех, интересующихся проблемами предотвращения школьной дезадаптации.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2015

Кіріспе

Қазақстанда 90-шы жылдардың басында басталған саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірде жасалған реформалар елдегі тек прогрессивті құрылымдық өзгерістерге жеткізіп қана қойған жоқ, сонымен қатар қоғамдағы өмір жылдамдығына байланысты, әр түрлі әлеуметтік мәселелердің күшеюіне әсер етті.

Осындай әлеуметтік мәселелерге қазіргі балалар мен жасөспірімдерде кездесетін дезадаптациялық процестің негізінде, мінез-құлқындағы кемшіліктер мен негативті психикалық жағдайдың орын алған, негізінде дезадаптациялық процестер бар проблемалар жатады.

Мектеп дезадаптациясы әлеуметтік дезадаптацияның бір бөлшегі бола тұра, қазіргі кезде біздің қоғамымызда балалар мен жасөспірімдер арасында кең таралған құбылыс, ал бұл осы қоғамның ары қарай дамуына негативті әсер етеді, себебі әлеуметтік бейімділік адамның интегралдық көрсеткіші болып табылады, осы көрсеткіш адамның белгілі қоғамдағы биоәлеуметтік қызметтерді орындай алу қабілеттілігін байқатады. Мұндай функцияларға адамның өзін және қоршаған адамдармен қарым-қатынасты жүргізу және қабылдаудың адекватты жүйесі, қоғамдық пайдалы еңбекке қабілеттілік, оқуға, өзінің жеке қызығушылықтары демалысын ұйымдастыру, басқа адамдардың сізден күтетін іс-әрекеттеріне дұрыс әрекет ете білу [1].

«Дезадаптация» термині психологиялық-педагогикалық ғылымда әлеуметтік-психологиялық немесе әлеуметтік-педагогикалық құбылыс ретінде баланың оқуда табысқа жете алмауы деп түсіндіріледі, оның сыртқы қоғамның білім беру мекемелерімен субъективті қақтығыстық жағдайлардың әсерінен, олардың қойған талаптарын орындай алмауы. Баланың білім беру процесіндегі табысқа жете алмауы, оған жақын адамдармен қарым-қатынаста болған мәселелер тұлғаның әлеуметтік-психологиялық даму процесіне едәір әсер етеді [2].

Балалар мен жасөспірімдердің білім беру мекемелеріндегі дезадаптациялық жағдайлардың алдын алу шараларын ұйымдастыру барысында дезадаптациялық жағдайлардың тууына әсер ететін негізгі факторлар: білім алу барысындағы қиыншылықтар, отбасылық дисфункция, нервтік-психикалық аурулар, мінез-құлқындағы девиация, сонымен қатар заманауи білім беру кеңістігіндегі теңсіздіктерді ескеру қажет.

Осыған байланысты қазіргі кезде әлеуметтік дезадаптацияның шығу факторлары мен оның байқалу сипаттамалары ғана емес сонымен қатар, оның білім беру мекемелеріндегі балалар мен жасөспірімдерді одан сақтандыру шараларын тиімді жүргізу әдіс-тәсілдері де маңызды рөл атқарады. Алдын алу шараларының негізгі ойы, дезадаптациялық жағдайды қалыптастыратын әлеуметтік келеңсіз жағдайларды жою және мектеп оқушыларының психологиялық денсаулығын сақтау үшін қажет заманауи іс-шараларды психологиялық-педагогикалық жұмыстарды қолдану арқылы жүзеге асыру.

1 Балалар мен жасөспірімдерде шаршау, гиподинамия, дистресс сияқты дезадаптациялық күйлердің қалыптасуын болдырмау

Қазақстан Республикасындағы заң актілерінің мазмұнына сәйкес балалардың жағдайын жақсарту бойынша мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарына олардың тәрбиеленуін қамтамасыз ету, білім беру және дамыту, өмірдегі қиын жағдайларға тап болған балаларды қолдау білім беру мекемелеріндегі барлық деңгейдегі балалардың психологиялық қауіпсіздіктерін қалыптастыру жағдайын жасау жатады. Берілген бағыттарды тәжірибе жүзінде жүзеге асырудағы құқықтық актілер төмендегідей нормативтік құжаттармен іске асырылады:

- БҰҰ-ның бала құқығы туралы конвенциясы;
- ҚР-ның «Білім туралы» заңы;
- ҚР-ның «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары» туралы заңы.

Білім беру процесі білім алушылардағы шаршау, гиподинамия, дистресс сияқты дезадаптациялық күйлерді болдырмау психологиялық-педагогикалық жұмыстармен бірге жүруі керек.

Бейімделу – бұл білім алушылардың белсенді түрде оқытудың жаңа талаптарын өз қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сай меңгеруі [3].

Әлеуметтік дезадаптацияның жағдайы баланың әлеуметтік және тұлғалық дамуындағы мәселелерімен сипатталады, бұндай мәселелер отбасы, мұғалімдер және құрдастарымен өзара қарым-қатынастарға теріс әсер етеді.

Сонымен қатар, әлеуметтік дезадаптация іс-әрекет және қарым-қатынастар саласында сатылай дамиды [3].

Осылайша әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолайсыз жағдайларда, білім беруде балалар мен жасөспірімдердегі дезадаптацияның қалыптасуы өзінің құрамына бес өзара байланысты деңгейлерді еңгізеді: оқудағы бастапқы қиындықтар; біліміндегі мәселелер; бір немесе бірнеше пәндер бойынша бағдарламаны меңгеруде үлгермеу; жалпылай немесе жартылай нашар оқуы; оқудан бас тарту; сабаққа бармау және т.б.

Әлеуметтік қарым-қатынастар саласында дезадаптацияға теріс әсер ететін келесідей бес деңгей бар:

- 1) бала мен ата-ана, мұғалімдер арасындағы қарым-қатынастағы жайсыздық;
- 2) баланың үлкендермен қарым-қатынаста мәнді кедергілердің пайда болуы;
- 3) өзара қарым-қатынаста эпизодтық конфликтілік жағдайлардың болуы;
- 4) араласатын әріптесімен жүйелі конфликтілері;
- 5) баланың жеке басы үшін маңызды қарым-қатынастардың үзілуі [2].

Жоғарыда аталып өтілген дезадаптацияның нәтижелерінен басқа, балалар мен жасөспірімдер мінез-құлығында жағымсыз жақтар пайда болуы мүмкін, тұлғаға тән мінез-құлықтар деформациясы, оның соматикалық және психикалық денсаулығының өзгеруі.

Балалар мен жасөспірімдердегі дезадаптация әр түрлі әлеуметтік рөлдерді

менгеруге байланысты, мектеп пен отбасы сияқты, оқудағы бағдарламалар, осы сияқты әлеуметтік институттардың нормалары мен талаптарын орындауда байқалады.

Оқудағы табыстардың жүйелі түрде болмауы, баланың жақын адамдарымен конфликтілік жағдайларының күшеюі, баланың психологиялық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етіп, зиянын тигізеді. Оқуда үнемі сәтсіздіктерге ұшырау ол үшін оқудың маңызын жоғалтады, сондықтан ол өзі табысқа жететін нәрсемен айналысуды қалап басқа нәрселермен айналысып өзін басқа қырдан көрсеткісі келеді (әуестенуі, спортпен айналысу, заңсыз жасөспірімдер топтары және т.б.) [4].

Деадаптацияның құрылысында келесі негізгі компоненттерді ерекшелеуге болады: танымдық, эмоциялық-тұлғалық және мінез-құлықтық (1-кесте).

1-кесте – Деадаптацияның компоненттері

Деадаптацияның компоненттері	Мазмұндық сипаттамасы
Танымдық	Оқудағы қиындықтар, танымдық процестердің қалыптаспауы немесе қабылдау деңгейінің төмендігі, жеке пәндер бойынша үлгерімнің төмендігі
Эмоциялық-тұлғалық	Мұғалімдерге, жеке пәндерге және барлық оқу процесіне жағымсыз қарым-қатынас
Мінез-құлықтық	Оқу тәртібін бұзу, мұғалімдер мен құрдастарымен біріккен іс-әрекет жасаудағы мінез-құлқы

Балалар мен жасөспірімдер арасында деадаптациялық жағдайлардың қалыптасуына әсер негізгі себептерге мыналарды жатқызуға болады:

- психофизиологиялық және танымдық факторлар: темпераменттің жеке-дара ерекшеліктері, шектен тыс мазасыздық, өзіндік белсенділіктің төмендігі, байқағыштығы, ойлауы, есте сақтау қабілеті және оқыту тәрбиелеу процесінің талаптары, психологиялық және физиологиялық денсаулықтың бұзылуы;

- әлеуметтік: баланың рөлдік орнының өзгеруі, баланың жаңа мектеп талаптарын меңгеруі, оқу талаптарының көпқырлылығы, оқу бағдарламаларының деңгейінің күрделенуі, интеллектуалдық және психоэмоционалдық жүктеменің өсуі, ата-ананың балаға қарым-қатынасындағы орнының өзгеруі, күн тәртібінің өзгеруі және т.б. [5].

Балалар мен жасөспірімдерде деадаптацияның алдын алудың психологиялық-педагогикалық жұмысында екі негізгі стратегиялық мақсат жүзеге асырылуы тиіс:

1) балалардың барлығын мектепке бейімдеу;

2) білім алушыларда деадаптациялық жағдайлардың алдын алу жұмыстары.

Балалар мен жасөспірімдерде деадаптацияны алдын алу жұмыстары – жеке-дара сипатта жүргізілуі қажет, нақты оқушының деадаптациясына жан-жақты талдау жасау керек, бұлар оқушының өзінің психикалық жағдайымен қаншалықты байланысты болса, қоршаған әлеуметтік-білім беру ортасының

талаптарына да солай сәйкес болуы қажет [6].

Білім алушылардағы дезадаптациялық жағдайлардың алдын алу шаралары бойынша нақты алгоритм бар, оның құрамы келесі негізгі сатылардвн тұрады (сурет 1) [7]:



1-сурет – Білім алушыларда дезадаптациялық жағдайлардың алдын алу шаралары

Диагностикалық жұмыстарды жүргізуде уақыттың шектеулілігін ескеру қажет, себебі төменгі сынып оқушыларына диагностика жұмыстарын 30-40 минуттан артық жүргізе алмаймыз, жасөспірімдермен диагностиканы 2 деңгейде жүргізуге болады, әрқайсысының ұзақтығы бір сағаттан көп емес. Білім алушыға жасалған жеке-дара диагностика мынадай сипаттамаларды анықтауға мүмкіндік береді: оқушының мектеп талаптарына бейімделу деңгейі; мектеп оқушысының оқу іс-әрекетіндегі өзекті мәселелер шеңбері; оқушының өзіне деген қарым-қатынасы; баланың эмоциялық мінез-құлқына қатысты мәселелер; оқушының өзінің құрдастарымен өзара қарым-қатынасының ерекшеліктері және т.б. оның әлеуметтік статусын анықтау.

Алынған нәтижелер оқу-тәрбиелік коррекциялық жұмыстарды жүргізуде ең тиімді жолдарды таңдауға мүмкіндік береді, балалар мен жасөспірімдерде дезадаптациялық жағдайлардың алдын алу жұмыстарын нақтылау (қатты шаршау, гиподинамия, дистресс), сондай-ақ терең диагностикалық және күшейтілген коррекция жұмыстарын жүргізу үшін «қауіп тобын» анықтау.

2 Деадаптация жағдайындағы балаларды тәрбиелеудің ерекшелігі

Деадаптация жағдайындағы балалардың оқудағы қиындықтары, баланың танымдық қызығушылығының төмендеуіне әкеліп соғады, сондықтан бұндай балаларды тәрбиелеудегі басты қиындықтардың бірі ұйымдасқан біліктерді құрастыру (мысалға, алгоритм бойынша тапсырмаларды өз бетімен орындай алу, дәптер жүргізе алу қабілеті және т.б.) және өзін-өзі басқара білу қабілеттері (өзін-өзі тексеру және өзін-өзі бағалау) [8].

Деадаптация белгілері бар балаларды тәрбиелеу жұмыстарын жүргізген кезде мынаны ескеру қажет, бұндай мектеп оқушысының психикалық жағдайы оқу пәндерінің өзгеруімен, олардың жаңа мазмұны мен талаптарының және сондай-ақ мұғалімдердің өзгеруі оқу-тәрбиелік талаптарға байланысты болады. Жоғары деадаптация жағдайындағы жасөспірімдер мен балаларда коррекциялық әсер ету жұмыстарын жүргізуде жоғары тиімділікті қамтамасыз ететін іс-шаралар: мектепте жеке және топтық оңалту жұмыстары ата-аналармен, мұғалімдермен жүргізу қажет.

Деадаптацияға ұшырау қаупі көбінесе жасөспірім шақта күшейе түседі мектепте оларға мыналарды жатқызуға болады: бірінші сынып оқушыларының бейімделу кезеңі; бастауыштан жоғары сыныпқа ауысатын мезгілде бейімделу кезеңі; кәсіби оқытуға өту кезеңіндегі бейімделу мезгілі (8-9 сынып).

Бірінші сынып оқушыларында мектепке бейімделу мерзімі өте ұзаққа созылады, олардың алдында интеллектуалдық және физикалық қысымның бірден көбеюі байқалады, себебі оларға бұрын сонды өміріне қатысы жоқ жұмыстар жасау жүктеледі.

Келесі тоқырау кезеңі бастауыш сынып оқушыларының жоғарғы сыныпқа өту кезеңі, бұл жерде оқу екі есе қиындап күрделене түседі, сондықтан бесінші сыныпта оқытудың тәртібі өзгеріске ұшырайды [9].

Келесі тоқырау кезеңі кезеңі кәсіби пәндерді оқуға ауысқан кезде байқалады, бұл кезде оқушылардың деадаптацияға ұшырау қаупі жоғарылай түседі себебі, жоғары сынып оқушылары өздеріне бейтаныс, жаңа әлеуметтік білім беру ортасына түседі.

Мұндай тоқырау кезеңдерінде барлық жасөспірімдер мен балаларға жүйелі түрде қолдау көрсету қажет, олардың ішінде әсіресе, деадаптациялық жағдайға ұшырауға бейім балаларға көп көңіл бөлу қажет. Ондай қолдау мен көмектің бір түрін мектеп мұғалімдері мен ата-аналар бере алады. Осы жайттар бойынша әдістемелік құралдар тәрбиеленушілерге көмек көрсетуде ерекше пайдалы құрал болып табылады, оның көмегімен оқушыларға психологиялық және эмоционалдық денсаулықтарын жақсартуға көмектесеміз, осы арқылы оларға әсер етіп, әрбір баланың танымдық қызығушылығын белсендендіруге болады [10]. Ата-аналар мен оқытушыларда баланың эмоционалдық қиындықтарын түсіну және көмектесу жайлы білімдері болмаса, бұл оқушылардың деадаптацияға тез ұшырауына себеп болады, бұл жайт оларда психикалық тоқырауының күшеюіне әсеретеді, әлеуметтік бейімделу процесі бұзылып, бейсоциалды күйге түседі [11].

Сондықтан балалармен, жасөспірімдермен жұмысты жоспарлы, үздіксіз,

жүйелі және жан-жақты жүргізу қажет (2-кесте).

2-кесте – Деадаптацияға бейім балалар мен жасөспірімдерді қолдаудың психологиялық және педагогикалық моделі

Мақсатты блок	Мақсат: деадаптация жағдайына бейім балалар мен жасөспірімдерді педагогикалық қолдауды ұйымдастыру.		
	Міндеттері:	<ul style="list-style-type: none"> ➤ балалар мен жасөспірімдерде деадаптация белгілерін анықтау ➤ мектеп деадаптациясының балалар мен жасөспірімдердің танымдық, мінез-құлықтық, мотивация аймағына әсерін зерттеу ➤ оқу жағдайында деадаптацияға бейім оқушыларға педагогикалық қолдау көрсету 	
	Деадаптация жағдайына бейім балалар мен жасөспірімдерді педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың принциптері		
Мазмұндық-процессуалды блок	Деадаптация жағдайына бейім балалар мен жасөспірімдерді педагогикалық қолдау жұмыстарын жүргізудің деңгейлері		
	Диагностикалық	Ұйымдастырушылық-дайындық	Коррекциялаушы
	Деадаптация белгілері бар балалар мен жасөспірімдерде әлеуметтік-бағытталған іс-шаралардың мазмұны мен ұйымдастырылуы		
	Әдістер	Формалар	Механизмдер
	Деадаптация белгілері бар балалар мен жасөспірімдерде әлеуметтік-бағытталған іс-шаралардың бағыты мен ұйымдастырылуы		
	Деадаптация жағдайына бейім балалар мен жасөспірімдер мен жұмыс	Деадаптация жағдайына бейім немесе деадаптация жағдайындағы балалар мен жасөспірімдермен жұмыс жасайтын мұғалімдермен жұмыс	Деадаптация жағдайына бейім немесе деадаптация жағдайындағы балалар мен жасөспірімдердің ата-аналарымен жұмыс
	Деадаптация жағдайына бейім немесе деадаптация жағдайындағы балалар мен жасөспірімдерге қолдау көрсетуді жүзеге асырудың педагогикалық талаптары		
Әлеуметтік-орталық	Ұйымдастырушы-мазмұндық	Субъектілі-тұлғалық	
Бағалаушы-нәтижелік	Деадаптация жағдайына бейім немесе деадаптация жағдайындағы балалар мен жасөспірімдерге педагогикалық қолдау көрсету критерилері мен нәтижелілігінің көрсеткіштері		
	Танымдық	Эмоционалдық-тұлғалық	Мінез-құлықтық
	Нәтиже	Баланың тұлғасы, деадаптациядан ада болған кезде, өзін-өзі дамыту мен жүзеге асыру, әлеуметтік ортаға тәніс-әрекеттерді тұрақты бейім стереотипі бар.	

Деадаптация жағдайына бейім балалар мен жасөспірімдерді педагогикалық қолдауды ұйымдастыру келесі принциптер негізінде жүзеге

асырылады:

- психологиялық-педагогикалық қолдау мен көмекті уақытылы және қолжетімді әсер ету;
- балаға деген сеніммен оған ізгі көзқарас, оған деген оң қатынас;
- шынайылық – баланың нақты жағдайдағы іс-әрекеті мен мүмкіндіктерін ескеру;
- жүйелілік – «адам-дүние жүзі» баланы толық қанды осы қоғамның мүшесі ретінде қабылдау;
- жеке-тұлғалық қатынас – баланың бейімделу деңгейіне байланысты мазмұны, формасы және коррекциялық – дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдері, жұмыс мақсаттары, тәрбиелеудің мүмкіндіктері мен орындары;
- тұлғалық қатынас – нақты жасқа сай, алдыңғы қатарлы іс-әрекеттерге сүйену;
- орта тәрбиесі – білім алушылардың мәдениеттілік білім дәрежесін көтеретін және өз-өзін дамыту мен өзін өзектендіруге қолайлы орта жасау [5].

Бұдан басқа, дезадаптация жағдайындағы балалар, жасөспірімдер және ересек адамдар тәрбиелеу шеңберіндегі психолого-педагогикалық қорғау жұмыстары көп қырлы болып табылады, себебі бұл білім беретін мекеменің әлеуметтік бейімделу деңгейі арқылы жас мөлшерлік, гендерлік, психобиографиялық және жеке-дара қатынас арқылы анықталады.

Сондықтан, мұғалімдердің дезадаптация белгілері бар оқушылармен тәрбие жұмыс жүргізу тәртібінде ұйымның ведомствоаралық және тәртіп аралық түрлері болады болады (психологтарды, әлеуметтік қызметкерлерді, суицид бойынша дәрігерлерді, психиатрларды және т.б. белсенді түрде тарту).

3 Балалар мен жасөспірімдерде шаршау, гиподинамия, дистресс сияқты дезадаптациялық күйлердің қалыптасуын болдырмаудың әдістемелік ұсыныстары

Берілген жұмыс шеңберінде педагогтер үшін оқушыларда кездесетін дезадаптациялық күйлердің қалыптасуын болдырмауға арналған бірқатар психологиялық және педагогикалық ұсыныстар қарастырған орынды. Мектеп оқушысының мінез-құлықтық және тұлғалық бейінінің ерекшеліктеріне психологиялық диагностика жүргізу барысында келесі диагностикалық әдістеме кешенін қолдану ұсынылады (3-кесте) [12].

3-кесте – Ұсынылатын диагностикалық әдіс-тәсілдер

Әдістеменің атауы	Мақсат-міндеттері	Қолдануға арналған ұсыныстар
Баланың мектепке бейімделуін эксперименттік бағалау сызба-нұсқасы оқытушылар мен ата-аналарға арналған) И.И. Чиркова	Оқушының бейімделуін бағалауға жағдай туғызатын жүріс-тұрыстық, аффективті және әлеуметтік-психологиялық мінездемені зерттеу (1 сынып)	Негізгі параметрлері сипатталған бланктерді толтырту арқылы жүзеге асырылады. Нәтижелер психологпен және мұғаліммен талданады
Мектептік дезадаптацияны анықтау әдістемесі (Л.М. Ковалева, Н.Н. Тарасенко)	Бастауыш мектеп оқушысының дезадаптация деңгейін анықтау (1 сынып)	Психологтың кезекті талдауы мен мұғалімнің эксперименттік бағасы
ТЗТ (Топтық зияткерлік тест)	Балалардың зияткерлік даму деңгейін анықтайды, және мектептегі оқытудың тиімділігін бағалауда, үлгермеушіліктің себептерін анықтауда және т.б. қолданылуы мүмкін (4-5 сынып)	Жаппай жүргізіледі, дегенмен, дара нұсқада өткізілілуі де мүмкін
Амтхауэр бойынша ақыл-парасаттық тест құрылымы	Оқу-тәрбие әрекеттілігіндегі туындаған мәселелерге байланысты, оқушылардың зияткерлік даму деңгейін және жалпы қабілеттерінің деңгейін анықтау (8-9 сыныптар)	Жаппай жүргізіледі, дара нұсқада өткізілілуі де мүмкін
Жалпы оқу біліктері мен дағдылардың қалыптасқан деңгейін диагносдиagnostикалау (М.Ступницкая әдістемесі)	Жалпы оқу бойынша, зияткерлік, ұйымдастырушылық және коммуникативтік білік-дағдылардың қалыптасқан деңгейін анықтау (5 сынып, 8 сынып)	Педагогтың эксперименттік сауалнамасы түрінде өткізіледі
Т. Стоттың бақылау картасы	Оқушының жүріс-тұрыс ерекшеліктерін анықтау (қолдану арқылы). Оқу және әлеуметтік дезадаптация белгілерінің көрініс дәрежелерін анықтау (5 сынып)	Педагогпен бақылау және жекелеген көріністерді тіркеу әдісі түрінде жүргізіледі
А. Прихожан ілімі бойынша оқу мотивациясын және оқуға эмоционалды қатынасты зерттеу әдістемесі	Оқу жағдайларына байланысты танымдық белсенділікті, жетістікке жету мотивациясының деңгейін, мазасыздану мен ашулану күйлерін диагностикалау.	Жаппай жүргізіледі, дара нұсқада өткізілілуі де мүмкін

«Зияткерлік біліктер мен дағдылар», «Ұйымдастырушылық біліктер мен дағдылар» шкаласы арқылы анықталған, жалпы оқу біліктері мен дағдылардың қалыптасқан деңгейін зерттеу нәтижесінде (М. Ступницкая әдістемесі), кестеде берілген аспектілер бойынша төмен көрсеткіштік оқушылар психолог пен педагогтің ерекше назарын талап етеді (4-кесте).

4-кесте – Оқу саласында дезадаптация белгілері байқалған балалармен жүргізілетін педагогикалық қызмет бағыты

Дезадаптацияның көрініс табатын нұсқалары	Педагогтарға ұсыныстар
<p>Оқу ақпаратын қабылдау барысында дербес әрекеттен алмайды. Жазба түрінде берілетін ақпарат ерекше қиындық туғызады. Оқу ақпаратын талдағанда жаға және бастыны бөлу кезінде үлкен қиындықтарға тап болады. Зияткерлік белсенділік ырғағы мен оның нәтижелілігі едәуір төмен. Мектептің оқу бағдарламасын меңгеруде айтарлықтай қиналады.</p>	<p>Оқу ақпаратының қадамдары (мөлшерленген) көрсетілген және оның меңгерілуін үнемі қадағалайтын бақылау қажет. Ақпаратты зияткерлік өңдеу барысында мұғалім тарапынан қосымша оқытатын, ұйымдастырушылық және ынталандыратын көмек қажет. Логикалық ойлау деңгейін дамыту қажет.</p>
<p>Оқу міндеттерін әрекеттілік мақсат ретінде жете түсіну қиындық тудырады. Іс-әрекеттерінің нақты жоспарын түзбей жұмысқа кіріседі. Қосымша түсіндірулерді қажет ете тұра, анықтаушы сұрақтарды қоймайды. Жүйесіз, импульсивті және бейберекет әрекет етеді. Мұғалім ұсынған жұмыс алгоритмін, байқаусызда өрескел бұзады. Қатемен орындалған жұмысының нәтижесімен қанағаттанады, ал, жұмыс нәтижелерін тексергенде табылған қателерді көрмейді. Қажет болғанда мұғалімнің қосымша көмегіне жүгінуге қабілетсіз, мұндай көмек ұсынылған жағдайдың өзінде оны тиімді қолдана алмайды.</p>	<p>Іс-әрекеттің мақсатын қоя білуге және оны жүзеге асыруда жоспар құруға үйрету қажет. Жұмыс аяқталған соң, балаларды жеке жұмыс нәтижелерін үлгімен салыстыруға, жіберілген қателерді табуға және оларды түзетуге, орындалған жұмыстың негізінде өзін-өзі дұрыс бағалауға итермелеу қажет. Балаларға қосымша ақпаратты қайдан алуға болатынын және онымен қалай дұрыс қолдану керек екенін көрсету керек.</p>

Балалар мен жасөспірімде шаршау, гиподинамия, дистресс сияқты дезадаптациялық күйлердің қалыптасуын болдырмау үшін түзете-дамыту жұмысының негізгі бағыттарына: оқушыларда жалпы оқу біліктері мен дағдыларын дамыту, білім беру бағдарламасын жемісті меңгерту және оқу мотивациясының деңгейін көтеруді жатқызуға болады [13].

Сыныптағы дезадаптацияға бейім оқушылардың тұлғааралық қатынастар барысында, әрекеттестіктің сындарсыз түрлері арқылы танылатын көшбасшылық үшін күрес туындауы мүмкін. Сыныптастарының арасындағы кейбіреуін өз орталарына қабылдамау, тіпті қарсылық танытуы да жиі кездесіп отырады. Бұл мәселе қайта құрылған сыныптық ұжымдарда («құрама» 5 сыныптар, «бейіндік» 8 сыныптар) ушыға түседі, себебі, оқушылар арасында бір-біріне тез үйренісіп кетуге қажеттілік туындайды [14].

Тұлғааралық қатынастар шеңберіндегі әлеуметтік бейімделу

проблемаларын анықтау үшін төменде берілген диагностикалық әдістемелерді мақсатқа сәйкес қолданған дұрыс (5-кесте) [12, 15].

5-кесте – Ұсынылатын диагностикалық зерттеу әдістері

Әдістің атауы	Мақсат-міндеттері	Қолдануға арналған ұсыныстар
1	2	3
Мектеп оқушыларының жалпы оқу білігі мен дағдыларының қалыптасу деңгейін зерттеу (М.Ступницкая әдісі)	Балалардың коммуникативті қабілеттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау «Коммуникативті біліктер мен дағдылар» блогы (5 сынып, 8 сынып)	Оқушылармен эксперт-тік сұрау түрінде өткізіледі.
К. Роджерс және Р. Даймонд бойынша оқушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуін зерттеу әдісі	Әлеуметтік-психологиялық бейімделу деңгейін, әлеуметтік-дезадаптация ортасын анықтау (жасөспірімдік жас)	Зерттеу нәтижелері дезадаптацияға бейім жасөспірімдерді анықтауға мүмкіндік береді.
«Адам- жауын астындағы Адам» әдісі	Тұлғаның бейімделу мүмкіндіктері мен стресстік жағдайларға төтеп бере алатын қабілеттерін бағалау (9 жасқа дейінгі балаларға арналған)	Зерттеу нәтижелері баланың әртүрлі сәтсіз жағдайлардағы жүріс-тұрыстық стратегия сипатын, жеке-дара көмектің бағыттылығын айқындауға мүмкіндіктер туғызады.
Эмоциялық-тұлғалық орта		
Филлипстің мектептегі алаңдаушылықты анықтайтын тесті	Мектептік дезадаптациямен байланысты алаңдаушылықтың сипаты мен деңгейін зерттеу (8-14 жас).	Әдістеменің мәтіні берілген бланктерді қолдану арқылы жеке немесе жаппай жүргізіледі.
Р. Кеттелдің тұлғалық сауалнамасы (12Р)	Балалардың тұлғалық мінездемелерін анықтау: зияткерлік қабілеттері «В» факторы, эмоциялық тұрақтылығы- «С» факторы, әлеуметтік-коммуникативті қабілеттері, топтағы жүріс-тұрыс, көшбасшылық қасиеттер- «Е», «Л» факторлары (8-12 жас).	Жеке тестілеу дәптерлерін қолдану арқылы жеке немесе жаппай өткізіледі.
Р. Кеттел тесті (14Р, жасөспірімдік нұсқа)	Тұлғаның полярлы қасиеттерінің көріну қарқындылығының бағалануы: эмоциялық тұрақтылығы – «С» факторы, әлеуметтік-коммуникативті қабілеттері, көпшілдігі, топтағы мінез-құлқы, көшбасшылық қасиеттері «А», «Е» факторлары (13-15 жас).	Гендерлік белгісіне байланысты сараланып (дифференциалдық): ұлдарға және қыздарға арналған сауалнама нұсқалары.

5-кестенің жалғасы		
1	2	3
Р. Жиль әдістемесі	Баланың тұлғааралық қатынастарын және оның тұлғааралық қатынастарды қабылдауын зерттеу (бастауыш мектеп жасы)	Баланың суреттерді ауызша және визуалды қабылдауы және оларды өзінше түсіндіруі негізінде әртүрлі өмірлік жағдайлардағы іс-әрекеттерінің ерекше тұстары анықталады.

Баланың құрбы-құрдастары арасындағы тұлғааралық қатынастар аспектісі бойынша профилактикалық және түзете-дамыту жұмыстарының негізгі бағыттарына келесілер жатады:

- әртүрлі әлеуметік жағдайларда балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі тануын дамыту, өз ұстанымдарына сәйкес адекватты әрекет амалдарын көрсетуге бағыттау;

- әртүрлі тілдесу жағдайларында талдау дағдыларына үйрету;

- тілдесудегі эмоциялық өзін-өзі бақылау дағдыларын меңгерту;

- өздерінің тілдесу тәжірибесіне балалар мен жасөспірімдердің назарын аудартуға жағдайлар жасау;

- балалар мен жасөспірімдерді конфликтілік жағдайларда тиімді өзара көмектесе әрекет жасауға үйрету.

Педагогтермен өзара қарым-қатынас бұзылу сипатты белгілерге келесі көрсеткіштер жатады:

- оқу пәніне қызығушылықтың жоқтығы;

- мұғалімнен қорқу (бала материалды біледі, бірақ жауап беруге қорқады);

- оқу пәні бойынша төмен үлгерім;

- педагог ескертулеріне негативті реакциялар;

- мұғалім назарын аудартуда сылтау іздеу;

- сабақтардан қалу;

- білім тексеру жағдайында денсаулықтың бұзылуы.

Ұсыныс ретінде М.Ступницкаяның «Мектеп оқушыларының жалпы оқу білігі мен дағдыларының қалыптасу деңгейін зерттеу» әдістемесі бойынша диагностикалық зерттеу әдістері ұсынылады (6-кесте) [13].

Жоғарыда аталған мектептік дезадаптациялық күйлерден басқа жасырын сипаттағы формалар да кездесетінін ескеру керек. Жақсы үлгерімді, тәртібі тамаша оқушылардың арасынан да, нақты бір мұғалімнен немесе жалпы мектептен үнемі қорқып қобалжитын балалар кездесетіні құпия емес, бұндай балалардың мектепке барғылары келмейді, қарым-қатынасқа түсу қиындығы байқалады, бейадекваттық өзін-өзі бағалау (көбіне төмен бағалау) тенденциясы қалыптасады.

Мұндай жағдайларда дезадаптациялық күйлерді жою үшін, көрініс тапқан жағдайдың жеке дара себептеріне талдау жасай келе, біршама ерекше түзету педагогикалық бағдарламасын құрған абзал.

6-кесте – Тұлғааралық қатынастар шеңберінде дезадаптациялық белгілері бар балалармен жүргізілетін педагогикалық жұмыстың бағыты

Дезадаптация көріністерінің түрлері	Педагогтерге ұсыныстар
<p>Өңгімелесіп тұрған серіктесіне өз ойын айтып жеткізе алмайды, қойылған сұрақтарға нақты жауап беруге немесе сұрақ құрастыруға қиналады. Пікір таластар туындағанда орынсыз қылықтар жасайды. Өз көзқарасын дәлелдеуде қабілетсіздігін танытады және оны өзгертуде ешқандай қажеттілік жоқ деп санайды. Сыныптық өзара әрекеттестікте ортақ шешімге қарсы тұрады. Өз сұхбаттасының мәртебесін, тілдесу жағдайларының ерекшеліктерін есепке ала отырып, қарым-қатынас процесін оңтайлы құра алмайды.</p>	<p>Пікір сайыстарға қатысуда адекватты әдістерді қолдануға, өз ойын сауатты, орынды, әрі сыпайы жеткізуде өз көзқарасын негіздеуде жалпы ұжымның мақсатымен санаса отырып, әрекет етуге, сұхбат барысында ересектермен (ата-аналармен, педагогтермен т.б.) және құрдас-тарымен әлеуметтік ара қатынасты ұстануды меңгерту қажет.</p>

Қорытынды

Қазіргі таңда еліміздің ең өткір мәселелерінің бірі ретінде танылатын балалар мен жасөспірімдердің жүріс-тұрысындағы бірқатар ауытқушылықтар мен олардың бойында табылған негативті психикалық күйлердің негізінде дезадаптациялық процестер жатқаны белгілі.

Туындаған мәселеге байланысты, маңызды әлеуметтік институттар болып саналатын білім беру мекемелері жағдайында оқушылардың әртүрлі дезадаптациялық күйлерін болдырмауда және оларды педагогикалық түзетуде мақсатқа сәйкес жүйелі еңбектену қажет.

Балалар мен жасөспірімдерде мектептік дезадаптация екі негізгі аспектілерде: іс-әрекеттік және тұлғааралық қатынастар (кұрбы-кұрдастары, ата-аналары мен педагогтар арасында) төңірегінде көрініс табады. Бұл қиындықтар оқу әрекеттілігінде үнемі сәтсіздіктер орнатып, тұлғалық маңызды адамдармен қарым-қатынастық мәселелер туғызады, жалпы айтқанда, бүтіндей тұлғаның әлеуметтік және психологиялық жай-күйіне кері әсерін тигізеді.

Балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік дезадаптациялық мәселелерінің өзіндік ерекше ішкі, тұлғалық және сыртқы аспектілері бар, сондықтан да, білім беру мекемелерінде жүргізілетін психологиялық және педагогикалық жұмыстың оңтайлы жүзеге асырылуы үшін, жұмыс негізінде үш негізгі бағытты ұстану қажет:

– оқушыны психологиялық және педагогикалық тұрғыда қуаттауды қарастыратын, психодиагностика элементтері мен кеңес беру жалғасымы бар, ***балалармен тікелей(жеке және жаппай) жұмыс;***

– оқушылардың әртүрлі жас топтарындағы дезадаптация мәселелерін болдырмауда қызмет ететін педагог мамандардың осы мәселе төңірегіндегі психологиялық сауаттылығы мен мәдениетін көтерудегі ***педагогикалық ұжыммен жұмыс;***

– ата-аналардың психологиялық құзыреттілігін арттыруға бағытталған, балалардың оқуы және ата-аналардың балаларымен қарым-қатынастарының әлеуметтік-коммуникативті мәселелері жөнінде жеке-дара кеңес беру әдісі арқылы жүзеге асырылатын ***мектеп оқушыларының ата-аналарымен жұмыс.***

Тек осындай кешенді амал-тәсілдер ғана, балалар мен жасөспірімдер арасындағы дезадаптациялық күйлерді болдырмауда және оларды түзетуде қажетті психологиялық-педагогикалық жұмыстың тиімділігін арттырады.

Әдебиет

- 1 Казанская В.Г. Подросток: социальная адаптация. – СПб.: Питер, 2011.
- 2 Агеева Л.Г. Социально-психологическая дезадаптация современных подростков и ее причины. – Ульяновск: 2010.
- 3 Шарапановская Е.В. Социально-психологическая дезадаптация детей и подростков. – М.: Сфера, 2005.
- 4 Галушина Э., Комарова О. Игра для подростков «В чем смысл жизни» // Школьный психолог, 2005, № 5.
- 5 Корчуганова И.П. Профессиональное развитие и поддержка педагогов, работающих с детьми «группы риска»: Методическое пособие. – СПб, 2006.
- 6 Крылова Т.А., Струкова М.Л. Социально-педагогические технологии в работе с детьми и семьями «группы риска». – М.: НИИ «Школьные технологии», 2010, - С. 26-52.
- 7 Чепракова Е.А. Разработка коррекционно-развивающих программ. – // Справочник педагога-психолога. Школа. – 2012, № 4.
- 8 Емельянова Е.В. Психологические проблемы современного подростка и их решение в тренинге. – СПб.: Речь, 2008. – 336 с.
- 9 Крылова Т.А. Психологическая поддержка учащихся при переходе в среднюю школу. – // Справочник заместителя директора школы, 2010.
- 10 Круглова Н.Ф., Панов В.И. Психодиагностика и коррекция структуры учебной деятельности младшего школьника. – М.: Изд-во МПСИ, 2004.
- 11 Синягина Н.Ю. Психолого-педагогическая коррекция детско-родительских отношений. – М.: Владос, 2001. – 96 с.
- 12 Микляева А.В., Румянцева П.В. Школьная тревожность: диагностика, коррекция, профилактика. – СПб.: Речь, 2007.
- 13 Голубева Ю. А. и др. Тренинг с подростками: программы, конспекты занятий. – Волгоград. Учитель, 2009. – 206 с.
- 14 Сомова Н.Л. В пятый класс – в первый раз. – СПб: «Каро», 2001.
- 15 Педагогическая психология. Хрестоматия / Сост. В.Н. Кандрашев, Н.В. Носова, О.Н. Щепелина. – СПб.: Питер, 2006.
- 16 Овчарова Р.В. Практическая психология образования. – М.: 2003.

Мазмұны

Кіріспе	3
1 Балалар мен жасөспірімде шаршау, гиподинамия, дистресс сияқты дезадаптациялық күйлердің қалыптасуын болдырмау.....	4
2 Деадаптациялық күйдегі балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері	7
3 Балалар мен жасөспірімдерде шаршау, гиподинамия, дистресс сияқты дезадаптациялық күйлердің қалыптасуын болдырмаудың әдістемелік ұсыныстары.....	10
Қорытынды	15
Әдебиет.....	16

Введение

Начавшееся в начале 90-х годов реформирование политической и социально-экономической жизни в Казахстане привело не только к прогрессивным структурным изменениям в стране, но и к обострению различных социальных проблем, обусловленных ускорением ритма жизни в современном обществе.

К одной из таких социальных проблем относятся проблемы, связанные с возникновением у сегодняшних детей и подростков отклонений в поведении и присутствием негативных психических состояний, в основе которых лежат дезадаптационные процессы. Школьная дезадаптация, являясь частью социальной дезадаптации, в настоящее время является достаточно распространенным явлением среди детей и подростков в нашем обществе, которое может негативно сказаться на его развитии в целом, так как социальная адаптированность представляет собой интегральный показатель состояния человека, отражающий его возможности выполнять определенные биосоциальные функции.

К таким функциям можно отнести адекватное восприятие человеком окружающей действительности и самого себя, адекватную систему отношений с окружающими людьми, способность к общественно – полезному труду, обучению, к организации собственного досуга и отдыха, изменчивость поведения в соответствии с ролевыми ожиданиями других людей [1].

